

УДК 347.2

**Исмагулов Аскербек Еркинович**

старший преподаватель, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: askerbek\_ismagulov@inbox.ru

**Касиев Толеген Базарбаевич**

старший преподаватель, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.  
e-mail: ktologen@mail.ru

**ҚР АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ МҮЛІКТІК ИГІЛІКТЕР МЕН ҚҰҚЫҚТАР**

*Мақалада заттар мүліктің кең таралған түрлерінің және адамға қатысты алғанда, сыртқы материалдық дүние заттарын - адам қолымен жасалған, сондай-ақ табиғаттың өзі жаратқан және табиғи қасиеттері бар нәрселерді заттар деп түсіндіріліп қарастырылады. Алайда мүлік ретіндегі заттың мәні оның табиғи қасиеттерінде ғана емес, адамның қажеттерін қанағаттандыра алатын, тұтыну және айырбас құны бар, әдетте ақшалай бағасы болатын және, әдетте, айналымға қабілетті мүліктік игілік ретіндегі оның қоғамдық қасиеттерінде болып табылады. Зат мұндай қоғамдық қасиеттерді қоғамдық қатынастар арқылы, оның заттық нысаны ретінде, басқаша айтқанда, затқа айналдырылған қоғамдық қатынастар ретінде иеленеді.*

*Түйін сөздер:* заттар, ақша, шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, фирмалық атаулар, тауарлық белгі.

*В статье рассматриваются имущественные блага и права (имуществва) т.е. вещи, деньги, в том числе иностранная валюта, ценные бумаги, работы, услуги, объективированные результаты творческой интеллектуальной деятельности, фирменные наименования, товарные знаки и иные средства индивидуализации изделий, имущественные права и другое имущество. Под имущественными благами ГК понимает все те материальные предметы и иные ценности, в частности, энергию, работы и услуги, которые могут удовлетворять материальные и иные потребности субъектов права и включены в сферу отношений, регулируемых гражданским правом.*

*Ключевые слова:* вещи, деньги, иностранная валюта, ценные бумаги, работы, услуги, фирменные наименования, товарные знаки.

*The article deals with property benefits and rights (property), things, money, including foreign currency, securities, works, services, objectified results of creative intellectual activity, trade names, trademarks and other means of individualizing products, property rights and other property. Under the property benefits, the CC understands all those tangible objects and other values, in particular energy, works and services that can satisfy the material and other needs of the subjects of law and are included in the sphere of relations governed by civil law.*

*Keywords:* things, money, foreign currency, securities, works, services, trade names, trademarks.

«Мүлік» ұғымы-азаматтық құқықтың маңызды ұғымдарының бірі.

Азаматтық-құқықтық реттеу нысанасы – мүліктік қатынастар ұғымы онымен тығыз байланысты.

Мүліктік игіліктер мен құқықтарға (мүлікке): заттар, ақша, соның ішінде шетел валютасы, құнды қағаздар, жұмыс, қызмет, шығырмышылық- интеллектуалдық қызметтің объектіге айналған нәтижелері, фирмалық атаулар, тауарлық белгілер және бұйымды дараландырудың өзге де құралдары, мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік жатады.

Мүлік деп адам жасаған және табиғаттың жаратылысынан пайда болған адамзаттың қажеттілігін қанағаттандыратын зат танылады. Зат айналымынан алынған қажетті заттан басқа) айналымда шектелген сату, сатып алу және айналымда ерікті жүру [2, 135 б.].

Материалдық заттарда мүліктің немесе мүліктік игіліктің қасиеті – бұл оларға

табиғаттан емес, қоғамдық қатынастардан берілген қағамдық, заңдық қасиет. Сондықтан табиғаттың барлық заттары мүлік ретінде және азаматтық

құқықтың объектілері ретінде таныла бермейді. Құқық субъектілерінің материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын және азаматтық құқық реттейтін қатынастар саласына тартылатын материалдық заттар мен өзге құндылықтарды ғана мүліктік игіліктер деп түсіну керектігін біз айтып өткенбіз [3, 261 б.].

Азаматтық Кодексте мүлік ретінде бірқатар жағдайларда мүліктік игіліктер мен құқықтарды ғана түсінбейді, сондай-ақ мүліктік кешендер құрамына талап ету құқықтары мен борыштарды да қосады. Сондықтан мүлікте азаматтық құқықтың осы субъектісіне тиесілі мүліктік игіліктер мен құқықтардың жиынтығы ретінде оның активін және құқықтың осы субъектісі заңды негіздерде уақытша иеленетін,

бірақ басқа тұлғаларға тиесілі мүліктік игіліктердің жиынтығын ретінде пассивін және оның міндеттемелерінің жиынтығын бөліп көрсетеді.

Ақшаға және ақшалай міндеттемелер бойынша құқықтырға (талаптарға) ақша төлеу жөніндегі талап ету құқықтарына), егер Азаматтық Кодексте, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе немесе міндеттеме мәнінен туындамаса тиісінше заттардың немесе мүліктік құқықтардың (талаптардың) құқықтық режимі қолданылады. Қазақстан Республикасы аумағында шетел валютасымен есеп айырысудың реттері, тәртібі мен шарттары заңдарда белгіленеді. Валюталық қазыналар деп танылатын мүлік түрлері және олар арқылы мәмілелер жасау тәртібі заң құжаттарында белгіленеді. Валюталық қазыналарға меншік құқығы ҚР жалпы негіздерде қорғалады.

Бөлінетін мүлік дегеніміз-бөлу нәтижесінде бөліктері өз мақсатын (міндетін) жоғалтпайтын мүлік. Бөлінбейтін мүлік дегеніміз - өзінің шаруашылық мақсатын (міндетін өзгертпей) бөлуге болмайтын немесе заң құжатында ұйғаруына қарай бөлуге жатпайтын мүлік.

Құқық объектілері ретінде бөлінбейтін заттардың ерекшеліктері заңдарда белгіленеді. Егер әр текті заттар оны бірігу мәні белгілейтін мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін бүтін бір затты құрайтын болса, олар (күрделі зат) деп қаралады. Керек-жарақ, яғни басты затқа қызмет етуге арналған және ортақ шаруашылық мақсатқа қолданылуы сонымен байланысты болатын зат, егер заңдарда немесе шартта өзгеше белгіленбесе, басты затқа ілесіп жүреді.

Мүліктерді пайдалану нәтижесінде алынған түсім (жемістер, өнімдер, табыстар), егер заңдарда немесе бұл мүлікті пайдалану туралы шартта өзгеше көзделмесе, осы мүлікті заңды негізде пайдаланушы адамға тиесілі болады.

Заңдарда өзгеше белгіленбегендіктен, жануарларға заттар туралы жалпы ережелер қолданылады [4, 27 б.].

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексте және өзге де заң актілерінде белгіленген реттер мен тәртіп бойынша азаматтың немесе заңды тұлғаның шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелеріне және оларға теңестірілген заңды тұлғаны дараландыру құралдарына, жеке немесе заңды тұлғаның өзі орындайтын жұмысының немесе қызметінің өнімдеріне (фирмалық атау, тауар белгісі, қызмет көрсету белгісі және т.б.) ерекше құқығы танылады.

Шығармашылық интеллектуалдық қызметтің нәтижелері мен ерекше құқықтардың (интеллектуалдық меншіктің) объектісі болуы мүмкін дараландыру құралдарын пайдалануды үшінші жақтар құқық иеленушінің келісімімен ғана жүзеге асырады.

Үшінші жаққа белгісіз болуына байланысты ақпараттың нақты немесе потенциалды коммерциялық құны болып, онымен заңды негізде еркін танысуға болмайтын және ақпаратты иеленуші оның құпиялылығын сақтауға шара қолданатын ретте, қызметтік немесе коммерциялық құпия болып табылатын ақпарат азаматтық заңдармен қорғалады.

Мұндай ақпаратты заңсыз әдістермен алған адамдар сондай-ақ еңбек шартына қарамастан қызметшілер немесе азаматтық-құқықтық шартқа қарамастан контрагенттер қызметтік немесе коммерциялық құпияны жария етсе, келтірілген залалдың орнын толтыруға міндетті.

Заңды тұлғаның ресми банкілерде, баспа басылымдарда, жарнамаларда, маңдайша жазуларда, анықтамаларда, шоттарда, тауарлар мен олардың қорабында және заңды тұлғаны даралауға қажетті өзге де жағдайларда фирмалық атауды пайдалануға айрықша құқығы бар.

Заңды тұлғаның фирмалық атауы оның жарғысы бекіткен кезде белгіленеді. Заңды тұлға белгілі бір фирмалық атаумен заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіміне енгізіледі. Тіркеліп қойған фирмалық атауына ұқсас фирмалық атауды пайдалануға болмайды, өйткені оның өзі тиісті заңды тұлғалардың ұқсап кетуіне, сондай-ақ олар шығаратын тауарлар немесе көрсететін қызметтер жөнінде жаңылыстыруға әкеліп соғуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының аумағында заңды тұлғаны белгілеу ретінде Қазақстан Республикасында тіркелген фирмалық атауға айрықша құқық қолданылады. Шет мемлекеттерде тіркелген немесе кеңінен танымал фирмалық атауға Қазақстан Республикасының аумағындағы айрықша құқық заң актілерінде көзделген жағдайларда қолданылады. Тауар белгісіне құқықтық қорғау оны тіркеудің негізінде не Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттардың негізінде тіркеусіз беріледі.

Тіркелген не халықаралық шартқа орай тіркеусіз қоғалатын сөзбен жазылған, бейнеленген, көлемдік белгілер немесе бір тұлғаның тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінші тұлғаның біртектес тауарлары мен қызметтерінен ерекшелеу үшін

қолданатын басқа белгілер тауар белгісі деп танылады.

Тауар белгісі ретінде тіркеуге жол берілмейтін белгілер, тауар белгілерін тіркеу, олардың қолданылуын тоқтату және тіркелген жарамсыз деп тану тәртібі, сондай-ақ тіркелмеген тауар белгілерін құқықтық қорғауға жол берілуі мүмкін болатын жағдайлар тауар белгілері туралы заң актілерімен белгіленеді.

Тауар белгісін кез-келген айналымға енгізу.

Дайындау, қолдану, әкелу, сақтау, сатуға ұсыну, тауар белгісін немесе осы белгімен

белгіленген тауадан сату, маңдайшадағы жазуда, жарнамада баспа өнімдерінде немесе өзге де іскерлік құжаттамада пайдалану – тауар белгісін пайдалану болып саналады.

Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының патенттік органы немесе Қазақстан Республикасының бекітілген халықаралық шартына орай халықаралық ұйым тіркелген тауар белгісіне құқықтық қорғау беріледі [1, 47 б.].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі (Жалпы және ерекше бөлім). Алматы: «ЮРИСТ», 2006.- 309 б.
- 2 Ғ.Төлеуғалиев. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: жоғарғы оқу орындарына арналған акад. курс. 1-том. Алматы: «Жеті жарғы», 2001.-376б.
- 3 Азаматтық құқық. 1-том. Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. (Академиялық курс), өңделген және толықтырылған. Жауапты редактор Сүлейменов М.К., Басин Ю.Г. Алматы: «Каз МЗА», 2003.-736б.
- 4 Е.Ш.Дүсіпов, О.К.Қағазов. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы (Жалпы бөлім). Оқулық құралы. ТарМУ Алматы, 2006.-158б.

#### Исмагулов Аскербек Еркинович

**Лауазымы:** Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Семей қ.

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Қ. Мұхамедханов көш. 33-39

**Ұялы тел:** +7 707 705 07 90

#### Касиев Төлеген Базарбаевич

**Лауазымы:** Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Семей қ.

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Западная көш.28

**Ұялы тел:** +7 777 426 03 00

#### ҚР азаматтық құқықтық қатынастардағы мүліктік игіліктер мен құқықтар

#### Исмагулов Аскербек Еркинович

**Должность:** старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. К.Мухамедханова 33-39

**сот. тел:** +7 707 705 07 90

#### Касиев Төлеген Базарбаевич

**Должность:** старший преподаватель кафедры гражданско-правовых дисциплин Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г.Семей

**Почтовый адрес:** 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Западная 28

**сот. тел:** +7 777 426 03 00

#### Имущественные блага и права в гражданско-правовых отношениях в РК

#### Ismagulov Askerbek Erkinovich

**Position:** senior lecturer of the Department of Civil Law Disciplines of the Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University, Semey city

**Mailing address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. K.Mukhamethanov 33-39

**Mob.phone:** +7 707 705 07 90

#### Kasiev Tolegen Bazarbekovich

**Position:** senior lecturer of the Department of Civil Law Disciplines of the Kazakh Humanitarian Juridical Innovation University, Semey city

**Mailing address:** 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, st. Zapadnaya 28

**Mob.phone:** +7 777 426 03 00

#### Property benefits and rights in civil law relations in the Republic of Kazakhstan